

Алматы қаласында басқа жақтан келген азаматтарды тіркеу жөніндегі Ереже туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің шешімі 1998 жылғы 18 наурыздағы N 208. Алматы қалалық Әділет басқармасында 1998 жылғы 06 сәуірде N 11 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2001 жылғы 09 қыркүйектегі N 2/214 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2001.09.27. N 2/214 қаулысымен.

Халықтың көші-қон есебін жүргізу, Алматы қаласына басқа жақтан келген азаматтарды ретке келтіру, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық процестерді реттеу, заңды және қоғамдық тәртіпті нығайту мақсатында, Алматы қаласының Әкімі **шешім қабылдады:**

1. Алматы қаласында басқа жақтан келген азаматтарды тіркеу жөніндегі Ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

2. Алматы қалалық ПББ бастығы Қ.Н.Қасымов ішкі істер органдарының бақылау-жіберу тіректерінің жұмысында Алматы қаласында басқа жақтан келген азаматтарды тіркеу жөніндегі Ережені қатаң орындауды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау қала Әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөліміне (Ж.Қ.Сатаев) жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі *В.Храпунов*
А л м а т ы қ а л а с ы Ә к і м і н і н
1 9 9 8 ж ы л ғ ы 1 8 н а у р ы з д а ғ ы N 2 0 8
шешіміне қосымша

Алматы қаласында басқа жақтан келген азаматтарды тіркеу туралы ЕРЕЖЕ

Осы Ереже сырттан келген азаматтарды тіркеу және тіркеу есебінен алып тастау тәртібін белгілейді және Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы қаласының мәртебесі және оны одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Жарлығын, көші-қон есебін жүргізуді, әлеуметтік-экономикалық және демографиялық процестерді, Алматы қаласының аумағында заңдылықты және қоғамдық тәртіпті нығайтуды жүзеге асыруға жәрдемдесуге жұмылдырған.

1. Алматы қаласына әуе, темір жол және автомобиль көлігімен келген азаматтар әуежайындағы, "Алматы-1", "Алматы-2" темір жол станцияларының вокзалында, "Сайран", "Саяхат" автовокзалдарындағы ішкі істер органдарының бақылау-жіберу тіректерінде және қалаға кірерде тіркелуге міндетті.

2. Осы Ережеге сәйкес мыналар тіркелуге жатады:

- Алматы қаласының аумағынан тысқары тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары;

- Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар.

3. Тіркеуден мыналар босатылады:

- Алматы қаласына Біріккен Ұлттар Ұйымының берген паспорты бойынша келген шет ел азаматтары;

- сапармен жүрген шет ел туристері.

4. Бақылау-жіберу тіректеріндегі азаматтарды тіркеу Алматы қаласының ІІБ ішкі істер органдарының қызметкерлерімен Қазақстан Республикасы азаматының паспорты немесе куәлігі немесе ішкі істер органдарының берген 9-үлгідегі анықтамасы, сондай-ақ әскери қызметкерлердің жеке куәлігі, 16 жасқа толмаған балалардың тууы туралы куәлігі және белгіленген нұсқадағы тіркеу парақшаларын толтыру арқылы жүргізеді.

5. Азаматтарды тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

- азаматтарды бақылау-жіберу тіректеріне жолдау;

- тіркеу парағын 2-данада толтыру;

- азаматтың куәлігін куәландыратын құжаттарды тексеру;

- азаматтың өзін куәлік құжатымен салыстыру;

- тіркеу парағының мәліметін тіркелушінің құжатымен салыстыру;

- тіркелушінің жүгі мен қол жүгінің жиынтығын техникалық құралдар көмегімен Алматы қаласының аумағына оқдәрі, жарылғыш, радиоактивті, есірткі, улағыш және басқа қауіпті заттар мен нәрселердің заңсыз әкелінілуін болдырмау үшін тексеру;

- стационарлық ауыр заттарды іздестіруден өткізу;

- тіркеуден өткені туралы парақшаға белгі қою.

6. Тіркелген азаматтардың жүгі мен қол жүгін немесе стационарлық ауыр заттарды іздестіруден тексеру кезінде заңмен алып жүруге, сақтауға, пайдалануға және өзінде болуға тыйым салынған заттарды немесе нәрселерді алған жағдайда бақылау жіберу тіректерінің өкілетті қызметкерлері олардың қауіптілігіне байланысты тіркеуге жіберу туралы немесе азаматты тиісті материалымен ішкі істер органына оның қолданыстағы заңдарға сәйкес жауапкершілік мәселесін қарау үшін шешім қабылдайды.

Алқа хатшысы

К.Тәжиева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК